

ISSN 2616-678X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

**ВЕСТНИК**

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**BULLETIN**

of the L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

**ФИЛОЛОГИЯ** сериясы

Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

**PHILOLOGY** Series

**№3 (124) / 2018**

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

---

---

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

**Редакция алқасы**

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сатпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413)

E-mail: vest\_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген Құрманғалиев Ілияс

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы**

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500

(ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

---

---

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

**Editorial board**

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008  
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31413)  
E-mail: vest\_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

**Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

---

---

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

**Редакционная коллегия**

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413)

E-mail: vest\_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка Ильяс Курмангалиев

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ**

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

---

---

## Мазмұны

<i>Акбаров А.</i> Шет тілдерін оқыту саясатына қатысты әлеуметтік-мәдени факторлар: Босния мен Герцеговинаның тақырыптық зерттеулері .....	8
<i>Атанасова С.</i> Шағын аймақтағы «жаһандық ландшафтар»: Велико-Тырноводағы қоғамдық жазбалардың лингвистикалық суреті .....	17
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Шет тілді оқытуда жаңа технологияларды пайдалану .....	29
<i>Дюсекенева И.М., Дюсекенев Д.Н.</i> Этномәдени деталь мәселесі орайында .....	39
<i>Каженова М.М., Жусупова Р.Ф.</i> Оқу үдерісіне жаңа технологияларды енгізу .....	46
<i>Шарипова М.К., Жанзақова Г.З.</i> Аударма - тіларалық және мәдениетаралық қарым-қатынас құралы .....	52
<i>Тәжібаева С.Ж., Невская И.А., Мүтәлі А.К., Қадысқызы А.</i> Қытайда қазақ тілінің қолданылуы: мәселелер мен зерттеу перспективалары .....	59
<i>Байбек А.К.</i> Біржан сал – Арқа ән дәстүрінің көрнекті өкілі .....	69
<i>Бескемер А.</i> Көркем мәтінді аудару және түсіну: барабарлықтың өлшемшарты .....	81
<i>Мухамед Абдо Д.</i> Жауынгер-әйел тақырыбы (Б. Васильевтің «А зори здесь тихие» повесі бойынша) .....	88
<i>Дүйсекова К.К., Габдулина А.К.</i> Қазақ және қытай тілдеріндегі метафоралардың ерекшеліктері .....	98
<i>Дүйсенгазы С.</i> Қазақ-қырғыз айтыс өнеріндегі ортақ мұрат .....	109
<i>Жақыпов Ж.А., Догдырбай А.</i> Фольклорлық жанрлар мәтінінің бастапқы және аяққы шендері .....	116
<i>Жұмағұлов С.Б.</i> Ақын Сәбит Дөнентайұлының мысал өлеңдері .....	128
<i>Қоңыратбаева Ж.М.</i> Әлемнің мәдени бейнесіндегі Шығыс және Батыс кеңістігі (лингвомәдениеттанымдық тәжірибе) .....	135
<i>Мурсалимова Г.А., Еділбаев Б.А.</i> Анимация өнерін зерттеудің теориялық - әдіснамалық аспектілері .....	149
<i>Мырзаханов Т.А.</i> Ағылшынның қаржы және экономикалық метафораларын аударудағы лингвомәдениеттанудың қырлары .....	157
<i>Нұрахметов Е.Н., Наралиева А.А.</i> Қазақ, ағылшын, неміс сөйлеу тіліндегі гендерлік ерекшеліктер .....	169
<i>Сүйінова Г.С.</i> Қалалық бірегейліктің урбонимикондағы көрінісі .....	177
<i>Сұлтанбекова С.А.</i> Неміс тіліндегі аффиксті жаңа мағыналы туынды сөздердің прагматикалық аспектілері .....	185
<i>Шаймердинова Н.Г., Жиёмбай Б.С., Жиёмбаева Г.Т.</i> Армян-қыпшақ ескерткіштеріндегі есім сөз таптарының жалпы сипаты .....	192
<b>Мақаланы рәсімдеу үлгісі</b> .....	204

---

---

## Contents

<i>Akbarov A.</i> Socio-Cultural Factors Involved in the Foreign Language Teaching Policy: Case Study of Bosnia and Herzegovina .....	8
<i>Atanassova S.</i> «Global Landscapes» in Small Places: the Linguistic Picture behind the Public Inscriptions in Veliko Turnovo .....	17
<i>Beisembayeva Zh.A., Baryamova R.K.</i> The use of Technologies for Foreign Language Teaching .....	29
<i>Dyussekeneva I.M., Dyussekenev D.N.</i> To the Problem of Ethnocultural Detail .....	39
<i>Kazhenova M.M., Zhussupova R.F.</i> Integrating new Technologies into Curriculum ....	46
<i>Sharipova M.K., Zhanzakova G.Z.</i> Translation as a Tool for Interlingual Communication .....	52
<i>Tazhibayeva S.Zh., Nevskaya I.A., Mutali A.K., Kadyskyzy A.</i> Kazakh Language as Spoken in China: Problems and Research Perspectives .....	59
<i>Baibek A.K.</i> Birzhan Sal – outstanding representative of the singing tradition of Sary-Arka .....	69
<i>Beskemer A.</i> Translation and Interpretation of Literary Text: Equivalence Criteria .....	81
<i>Dina Mohamed Abdo</i> The Theme of a Female Militant (on the Material of B. Vasilyev’s Novel «The Dawns Here Are Quiet»).....	88
<i>Duysekova K.K., Gabdulina A.K.</i> Peculiarities of Kazakh and Chinese Metaphors .....	98
<i>Duysengazy S.</i> Commonalty of ideo in Kazakh-Kyrgyz Aitys .....	109
<i>Zhakupov Zh.A., Dogdyrbai A.</i> Initial and Final Positions of the Text of Folklore Genres .....	116
<i>Zhumagulov S.B.</i> Fables of the Poet Sabit Donentayuly .....	128
<i>Konyratbayeva Zh.M.</i> East and West Space in the Cultural Picture of the World (Linguocultural Experiment) .....	135
<i>Mursalimova G.A., Edilbayev B.</i> Theoretical and Methodological aspects of Animation Art .....	149
<i>Myrzakhanov T.A.</i> Lingual and Cultural Aspects of Translation of Metaphors in Financial and Economic Discourse .....	157
<i>Nurakhmetov E.N., Naraliyeva A.A.</i> Gender features of oral speech in the Kazakh, English and German languages .....	169
<i>Suynova G. S.</i> On Representation of Urban Identification in the System of Urbonyms .....	177
<i>Sultanbekova S.A.</i> Pragmatic Aspects of New Affixal Derivatives of the German Language .....	185
<i>Shaymerdinova N.G., Zhiyembay B.S., Zhiyembayeva G.T.</i> General characteristics of the nominal parts of speech in the Armenian-Kypchak monuments .....	192
<b>Template</b> .....	206

---

---

## Содержание

<i>Акбаров А.</i> Социально-культурные факторы, связанные с политикой преподавания иностранного языка: тематическое исследование Боснии и Герцеговины .....	8
<i>Атанасова С.</i> «Глобальные ландшафты» в малых пространствах: лингвистическая картина за публичными надписями Велико-Тырново .....	17
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Использование современных технологий в преподавании иностранных языков .....	29
<i>Дюсекенева И.М., Дюсекенев Д.Н.</i> К проблеме этнокультурных деталей .....	39
<i>Каженова М.М., Жусупова Р.Ф.</i> Интеграция новых технологий в учебном процессе .....	46
<i>Шарипова М.К., Жанзакова Г.З.</i> Перевод как инструмент межъязыковой и межкультурной коммуникации .....	52
<i>Тажиббаева С.Ж., И.А. Невская, Мутали А.К., Кадыскызы А.</i> Функционирование казахского языка в Китае: проблемы и перспективы исследования .....	59
<i>Байбек А.К.</i> Біржан сал – выдающийся представитель песенной традиции Сары-Арки .....	69
<i>Бескемер А.</i> Перевод и интерпретация художественного текста: критерии эквивалентности .....	81
<i>Мухамед Абдо Д.</i> Тема женщины-бойца (на материале повести Б. Васильева «А зори здесь тихие») .....	88
<i>Дуйсекова К.К., Габдулина А.К.</i> Особенности казахских и китайских метафор .....	98
<i>Дуйсенгазы С.</i> Общность идей в казахско-кыргызских айтысах .....	109
<i>Жакупов Ж.А., Догдырбай А.</i> Начальная и конечная позиции текста жанров фольклора .....	116
<i>Жумагулов С.Б.</i> Басни поэта Сабита Донентайулы .....	128
<i>Коныратбаева Ж.М.</i> Пространство Восток и Запад в культурной картине мира (лингвокультурологический эксперимент) .....	135
<i>Мурсалимова Г.А., Едильбаев Б.</i> Теоретические и методологические аспекты анимационного искусства .....	149
<i>Мырзаханов Т.А.</i> Лингвокультурологические аспекты перевода метафор англоязычного финансово-экономического дискурса .....	157
<i>Нурахметов Е.Н., Наралиева А.А.</i> Гендерные особенности устной речи казахского, английского и немецкого языков .....	169
<i>Суюнова Г.С.</i> Об отражении городской идентичности в урбонимиконе .....	177
<i>Султанбекова С.А.</i> Прагматические аспекты новых аффиксальных дериватов немецкого языка .....	185
<i>Шаймердинова Н.Г., Жиёмбай Б.С., Жиёмбаева Г.Т.</i> Общая характеристика именных частей речи в армяно-кыпчакских памятниках .....	192
<b>Образец оформления статьи</b> .....	208

XFTAP 16.21.61

**К.К. Дүйсекова<sup>1</sup>, А.К. Габдулина<sup>2</sup>**

*Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*  
(E-mail: <sup>1</sup>kuliash@yahoo.fr; <sup>2</sup>Green5147@mail.ru)

### **Қазақ және Қытай тілдеріндегі метафоралардың ерекшеліктері**

**Аңдатпа.** Қарастырылған жұмыста қазақ тілінде жиі кездесетін кейбір метафоралардың қытай тілінде мағыналас мәнде қайталануы, өзіндік сипатқа ие болу қасиеттері айқындалады. Берілген жұмыста қытай тілі мен қазақ тіліндегі метафоралар салыстырыла отырып когнитивтік тұрғыдан қарастырылады. Әртүрлі табиғат құбылыстарына деген өзге халықтардың көзқарастары, адам және жануар образдары ассоциативтік түрде сипатталып, метафоралық мағыналар механизмдерінің ортақ және ұлттық-спецификалық ерекшеліктері түсіндіріледі.

Қытай тілі мен қазақ тіліндегі концептілерге компоненттік талдау жасалып, олардың олардың коннотативтік семалары бөлініп шығарылды, сондай-ақ екі ұлттың мәдени ерекшеліктері жайлы білімге сүйене отырып, алынған концептілермен байланысты ассоциациялары талданды.

Салыстырмалы талдау жасау нәтижесінде екі халықтың ұлттық спецификалық және ортақ ерекшеліктері айқындалып, бастапқы денотаты бойынша екі тілде бірдей концептілердің образды семантика қатынасының бірнеше түрі бөліп шығарылды.

**Түйін сөздер:** метафора, метафоризация процессі, когнитивтік метафора, ортақ және ұлттық-спецификалық ерекшеліктер.

**DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-124-3-98-108>**

**Кіріспе.** Қазіргі кезде адамзат тарихының шексіз дамып, кемелденген уақытында мәдениет, өнер, саясат, тіл салаларында халықаралық қатынастың орын алған уақытында тіл білімі ең маңызды мәселелердің біріне айналып отыр. Тіл – адамның ішкі әлемі мен сыртқы әлемді байланыстырушы таңба болып табылады. Адам әлемді тани отырып, алған білімінің нәтижесін тіл арқылы сақтайды.

Бүгінгі таңда тіл зерттеу адамның танымдық функциясы тұрғысынан қарастырыла бастады. Осыған орай бұрыннан шешілмеген мәселелер өзгеше түсіндіріле бастады. Когнитивтік лингвистика тілді адамның ақыл ойымен, түрлі менталды процестермен байланыстырып қарастыратын ғылым тармағы болып табылады.

Аталмыш жұмысымызда тіл білімінің когнитивтік саласына, соның ішінде метафораларға тоқталып, оларды қытай және қазақ тілдерінде салыстыруды жөн көрдік. Туыстығы алшақ қазақ және қытай тілдерін салғастыра зерттеудің соңғы кездері қолға алынғаны белгілі. Сол себепті шешімін әлі де таппаған дүниелердің бар болуы да заңды. Соның ішінде осы екі тілдегі метафоралар жан-жақты салыстыра-салғастыра зерттелмеген.

**Мақсаты.** Жұмыстың мақсаты – метафораларды дәстүрлі зерттеулерден өзгеше, когнитивтік лингвистика тұрғысынан зерттеу, сонымен қатар туыстығы алшақ қазақ және қытай тілдері метафораларының болмысы мен когнитивтік табиғатын зерттей отырып, шығыс пен батыс әлем тілдері көрінісі негізінде олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін анықтау. Метафораларының когнитивтік қызметін қарастыру жалпы тіл біліміне қосатын үлесімен қатар, шетел тілдерін оқыту әдістемесі үшін де маңызы өте зор.

**Міндеттері.** Алға қойылған мақсат шеңберінде төмендегідей міндеттерді атқаруды міндет тұтамыз: дәстүрлі метафора мен когнитивтік метафораның айырмашылығын анықтау; екі тілдегі метафоралардың когнитивтік табиғатын зерттеу; қытай және қазақ тілдеріндегі когнитивтік метафоралардың ұлттық-мәдени ерекшелігін анықтау; шығыс пен батыс әлем тілдері көрінісі негізінде олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін анықтау.



**Зерттеу әдістері мен тарихы.** Мақаланы жазу барысында құрылымдық, салыстыра-салғастыра зерттеу, сипаттау, компоненттік талдау жасау әдістері қолданылады. Метафораны зерттеу Аристотельден бастау алып, Дж.Вико мен А.Потебня, Э.Кассирер мен А.Ричардс, Дж.Лакофф пен М.Джонсон, Маккормак, Н.Арутюнова мен В.Телия, В.Виноградов, қытай оқымыстылары Лю Чжэньцян, Цзян Гуань, қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, К.Аханов, Р.Барлыбаев, Б.Хасанов, Ш.Мұхамеджанов, А.Сыбанбаева сынды ғалымдармен жалғасты.

**Дәстүрлі метафораның зерттелуі.** Анықтамалар. Метафора мәселесін ойшылдар сонау ықылым заманнан бері қарастырып келе жатыр. Көптеген зерттушілер метафораның танымдық потенциалы жайлы ең алғашқы мағлұматтар Аристотельдің еңбегінде келтірілгенін айтады. Грек ойшылы Аристотель метафораға өзіндік ғылыми көзқарасын былай деп береді: «Метафора – это приложение к одной вещи имени, принадлежащего другой. Мы можем приложить (а) имя рода к элементу рода, или (б) имя элемента рода приложить к роду, или (в) имя одного элемента рода приложить к другому элементу того же рода, или (г) перенос может основываться на пропорции» [1; 183]. (Метафора – бұл бір заттың атауының өзге бір заттың атауына ауысуы. Оның ішінде: (а) бір түрден сол түрдің құрамдас бөлігіне, (б) түрдің құрамдас бөлігінен түрге, (в) түрдің бір бөлігінен сол түрдің өзге бөлігіне, (г) немесе сәйкестікке негізінделуі. Ауд.автор).

А.А. Потебня метафоризация процессін былайша түсіндіреді: «метафоризация является тем законом, который обеспечивает историческое развитие языка, его «непрерывное семантическое движение» [2; 207]. (метафоризация – тілдің тарихи дамуын қамтамасыз ететін, оның «үздіксіз семантикалық қозғалысын» білдіретін заңдылық. Ауд.автор). Сол себепті ғалым метафоризация процессін тереңірек зерттеуге шақырған.

Лингвистикалық, әдебиеттану терминдері сөздіктерінде метафораға төмендегідей түсініктер беріледі. Э.Д. Сүлейменованың «Тіл білімі сөздігінде»: «Метафора — троптың бір түрі, ұқсастық, сәйкестік және т.б. негізінде сөздер мен сөз орамдарының ауыспалы мағынада қолданылуы» деп беріледі [3; 220], ал метафоралану «... ауыспалы мағынаның пайда болуы мен оның экспрессивті қасиеттерінің күшеюі нәтижесінде сөздің мағыналық аумағының кеңеюі» деп түсіндіріледі [3; 220].

А.Е. Салқынбайдың «Лингвистикалық түсіндірме сөздігінде»: «Метафора — троп немесе сөйлеу механизмі. Метафора – сөздің басқа мағынада қолданылуы. Риторика мен лексикологияда метафора номинациялық құрал ретінде қарастырылады» деп беріледі [4; 124].

Р. Барлыбаев өзінің ғылыми ізденісінде былай деп жазады: «Бір заттың атауы жалпы сыртқы ұқсастық, сәйкестікке қарай екінші бір заттың, құбылыстың атауына ауысады екен. Олай болса, сөз мағынасының ауысуы объективтік болмыстағы заттардың, құбылыстардың жалпылық жақтарының негізінде туған тілдік құбылыс» [5; 136]. Ғалым сөздің ауыспалы мағынасын былайша түсіндіреді: «Біріншіден, сөздің ауыспалы мағынасы заттың түр, түс ұқсастықтарын негізделіп жасалады екен; екіншіден, тілдің тарихи даму барысында кейбір ауыспалы мағыналар дами келе тұрақты мағынаға айналып, кейбір жағдайда ауыспалы мағына алға шығып кетуі мүмкін; үшіншіден, сөздің тұрақты, кеңейген, көп мағыналығы (қай тілде болмасын), түрлі дәрежелері екенін айтуға болады» [5; 137].

**Метафораның когнитивтік тұрғыдан зерттелуі.** XX ғасырда жаңа парадигмалардың дамуына байланысты метафора когнитивтік тұрғыдан зерттеле бастады. Сезіммен қабылданатын белгілерді дерексіз және бақыланбайтын объектілерге балай отырып, когнитивтік метафора гнесеологиялық қызмет (танымдық қызмет) атқаратындығына назар аударыла бастады. Когнитивтік метафорамен американдық ғалымдар Дж.Лакофф, М.Джонсон, Э. Маккормак, Ч.Филлмор, т.б., Ресей ғалымдары Н.Д.Арутюнова, В.Н.Телия, Е.О.Опарина, т.б., қытай оқымыстылары Лю Чжэньцян, Цзян Гуань айналысқан.

Дж.Лакофф пен М.Джонсонның «Metaphors We Live by» деген еңбегі жаңа ағымға негіз болды. Бұл еңбек метафораның когнитивтік механизм ретінде түсіндірілуіне жүйелілік орнатып, нақты зерттеулерде қолдану мүмкіндігі бар әдістемені ұсынып, оның эвристикалық потенциалын көрсетті. Авторлардың айтуы бойынша: «*Most people think they can get along perfectly well without metaphor. We have found, on the contrary, that metaphor is pervasive in everyday life, not just in language but in thought and action. Our ordinary conceptual system, in terms of which we both think and act, is fundamentally metaphorical in nature*» [6; 4] (Көптеген адамдар метафораны қолданбай-ақ ойларын әбден толық жеткізе алатындарына күмән келтірмейді. Біз, керісінше, метафора күнделікті өмірімізге еніп, тек тілде емес, ойлау мен әрекеттен де көрінеді деп тұжырымдаймыз. Біздің күнделікті ойлану және әрекеттену шеңберінде жүзеге асатын түсініктер жүйесі өз болмысы бойынша ауыспалы мағынаға ие. Ауд. автор). Яғни, ғалымдардың түсіндіруінше, біз метафораның алатын орнына мән бермесек те, ол біздің күнделікті өміріміздің барлық қырларымен тығыз байланысты. Біз сөйлеген кезде ғана емес, ойланған кезде де, әрекет еткен кезде де сөздердің ауыспалы мағынасын байқамаймыз. Яғни, біздің түсінігіміз белгілі бір дәрежеде өз табиғаты бойынша ауыспалы мағынаға ие.

Аталмыш теорияға сүйене отырып, метафораны тіл, ой және мәдениеттің өзара қатынасының феномені ретінде қарастыруға болады. Өз теорияларын түсіндіру мақсатында Дж. Лакофф пен М. Джонсон «argument» (пікірталас) концептісін мысал ретінде келтіреді: «*Let us start with the concept «argument» and the conceptual metaphor «argument is war». This metaphor is reflected in our everyday language by a wide variety of expressions* [6, 5-6] (Осы жерде «пікірталас» концептісін және «пікірталас бұл соғыс» концептуалдық метафорасын қарастырайық. Бұл метафора біздің күнделікті өмірімізде орын алады. (Аударған: автор)).

«Пікірталас бұл соғыс» концептуалды метафорасы күнделікті өмірде қалайша көрінетінін түсіндіру мақсатында ғалымдар бірнеше сөз тіркесін келтіреді. Мысалы: «*Your claims are indefensible*» (Сіздің сөзіңіз сынға қарсы тұра алмайды); «*He attacked every weak point in my argument*» (Ол менің дәлелімнің кем жерлеріне шабуыл жасады); «*I demolished his argument*» (Мен оның дәлелінің тас талқанын шығардым); «*I've never won an argument with him*» (Оны пікірталаста ешқашан жеңе алған жоқпын); «*If you use that strategy, he'll wipe you out*» (Осы стратегияны қолданатын болсаңыз, сіз жеңіліп қаласыз)» [6, 5].

Осы мысалдарды келтіре отырып, авторлар пікірталасты шынайы соғыспен салыстырады. Өйткені, пікірталаста біз жеңуіміз я жеңілуіміз мүмкін. Дауласып жатқан адамды дұшпан ретінде қабылдап, оған шабуыл жасаймыз, және оның жасаған шабуылына төтеп береміз. Айтатын сөзімізді жоспарлап, белгілі бір стратегия қолданамыз. Пікірталас кезінде шынайы талас-тартыс болмаса да, сөз үстінде талас орын алады. Бұл «шабуыл жасау», «тас талқанын шығару», «қарсы тұру» сияқты тіркестерден көрінеді.

Ғалымдар осы «Пікірталас бұл соғыс» концептуалды метафорасы біз өз мәдениетімізде «өмір сүретін» метафоралар қатарына жатады деп қорытындылайды: «*It is in this sense that the ARGUMENT IS WAR metaphor is one that we live by in this culture; it structures the actions we perform in arguing*» [6, 5]. (Осылайша, «Пікірталас бұл соғыс» метафорасы біздің мәдениетте өзіміз «өмір сүретін» метафоралардың бірі болып келеді; ол біз пікірталаста жасайтын әрекетімізді көрсетеді (Аударған: автор)).

Атақты қытай оқымыстылары Лю Чжэньцянь және Цзян Гуань өздерінің «*隱喻的范畴化和概念化过程*» (Метафораның классификациясы мен концептуализациясы) атты еңбегінде салыстыру барысында ғана көрінетін метафора болмысын, прагматика және когнитивистиканы зерттеген. Олардың айтуы бойынша: «*隱喻的认知观于只有人有认知能力开始*» [7; 2]. (Метафораның когнитивтік тұрғыдан көру ойлану қабілетінен басталады. Ал ойлану қабілеті тек адамдарға ғана тиесілі. Ауд. автор). Ғалымның түсіндіруі бойынша, когнитивтік

метафора ең алдымен тілде емес, ойлануда орын алады. Яғни, метафораны менталды процесстермен байланыстыра қарастырады. Байқағанымыздай Лю Чжэньцянь мен Дж.Лакофф, М.Джонсонның метафораға деген көзқарастары ұқсас.

Ресейде когнитивтік метафораның түсіндірілуі американдық мектептен өзгеше еді. Ресей мен Америка ғалымдарының көзқарастарын біріктіретін жалғыз нәрсе – тіл мен ойлаудың өзара байланысын мойындау. Американдық ғалымдар үшін бұл генеративті грамматикадан когнитивтік семантикаға өтетін революциялық жетістік болса, тіл мен ойлаудың өзара байланысын алғашқы болып тапқан, сондай-ақ семантикадағы көптеген мәселелерді шешкен Ресейдің когнитивистері болатын.

Ресей лингвисттерінің когнитивтік метафораға берген анықтамаларына тоқталатын болсақ, Н.Д.Арутюнова бойынша: «Когнитивная метафора выступает одним из функциональных типов языковой метафоры наряду с такими метафорами, как номинативная (перенос названия), образная идентифицирующая (переход дескриптивного значения в предикатное) и генерализирующая» [8; 340]. ((Когнитивтік метафора номинативтік (атаудың ауысуы), бейнелік-ұқсатушы (дескриптивтік мағынаның предикаттық мағынаға ауысуы) және жалпылаушы метафора сияқты жалпы тілдік метафораның функционалды типі болып табылады. Ауд.автор). Жалпылаушы метафораны Н.Д.Арутюнова когнитивтік метафора дамуы нәтижесінде пайда болған деп түсіндіреді.

Ғалым когнитивтік метафораның жаңа мағыналардың пайда болуына септігін тигізетінін атап өтеді: «Когнитивтік метафора жаңа мағыналардың құрылуына жағдай жасайды, мысалы, бастапқы өткір сөзінің ой, сөз, мұқтаждық сөздерімен тіркесуінде» [8; 340]. Мысалы, «ой өткір» тіркесі «өткір ой» тіркесіне ауысатын болса, ой сөзі басқа бір сипаттамаға ие болады. Яғни, метафоралық ауысу предикация шеңберінде жүзеге асады. Өткір ой тіркесіндегі метафоралық ауысу нәтижесінде ой сөзі басқа бір сипаттамаға ие болады.

Н.Д. Арутюнова осындай метафоралық ауысуды полисемия терминімен түсіндіреді: «Метафоризация возникает в результате сдвига в сочетаемости признаков слов и создает полисемию» [8; 340]. (Метафоризация аталған сөз тіркесіндегі семалардың жылжуы нәтижесінде пайда болып, көп мағыналылықты құрады. Ауд. автор).

Осылайша, Н.Д.Арутюнова бойынша когнитивтік метафораға тән белгілер: сөз тіркесіндегі предикатты мағынаның метафоралық ауысуы; метафоралық ауысудың нәтижесінде пайда болатын жаңа мағыналар, таным құралы ретіндегі ролі. Қорытындылап айтсақ, когнитивтік метафора – бұл, біріншіден, предикатты сөздер шеңберіндегі метафоралық ауысу, екіншіден, осындай ауысудың нәтижесі (когнитивтік метафора жаңа мазмұнға ие болатын ескі таңба ретінде түсіндіріледі).

Атақты Ресей ғалымы В.Н.Телияның когнитивтік метафораға деген көзқарасы Н.Д.Арутюновамен ұқсас. В.Н.Телия өзінің «Метафоризация и ее роль в создании языковой картины мира» атты еңбегінде метафораны жалпы атқаратын қызметіне негізінде, номинативтік қызметі негізінде және жалғандық модусы негізінде жіктейді.

Атқаратын қызметіне байланысты: «Выделяются идентифицирующие (или индикативные), предикативные, оценочные, эмотивные (оценочно-экспрессивные) и образные метафоры. Некоторые из этих типов приводят к формированию нового значения» [9, 193]. (Метафораның бірнеше типін бөліп көрсетуге болады: ұқсастырушы метафора, предикативтік, бағалаушы, эмотивті (бағалау-экспрессивті) және бейнелеуіш метафоралар. Осы типтердің кейбіреулері жана мағынаның құрылуына жағдай жасайды. Ауд.автор). Осындай жаңа мағыналарды құруға септігін тигізетін метафораларды В.Н.Телия когнитивтік метафораға жатқызады.

Номинативтік қызметіне байланысты В.Н.Телия метафораны екіге бөледі: «Метафора дает имена объектам двоякого рода: объектам физически воспринимаемого, «видимого», мира (данного в ощущениях и познаваемого опытным путем) и объектам, постигаемым

умозрительно» [9, 191] (Метафора екі түрлі объектілерге атау бере алады: физикалық түрде қабылданатын объектілер «көрінетін әлем» (сезіммен берілетін және тәжірибеде танылатын) және санамен қабылданатын объектілер. Ауд.автор). Бірінші жағдайда метафоралық ауысуға ұшыраған объектілер (мысалы: кітаптың басы) тәжірибе жүзінде танылған, нақты және басқа нақты объектілемен ұқсас болып келеді. Оларды В.Н.Телия ұқсастыру метафоралар деп атайды. Екінші жағдайда көрінбейтін әлемді модельдік тұрғыда бейнелеуші метафоралар (жаңа ғасырдың дүниеге келуі, жұмыстың жемісі, компьютер жадысы), когнитивтік модальділікке ие: «как если бы X обладал признаками Y-а» [9, 191]. (X-тің Y-тың белгілеріне ие болатындай. Ауд.автор).

Осы жерде «компьютерлік жады» тіркесіндегі метафоралық ауысуды ғалым былайша түсіндіреді: «Компьютерлік жады мен адам жадысы арасында шынайы ұқсастық жоқ, алайда екі объектіде де бар «акпаратты ұзақ сақтау қабілеттелігі» сияқты ортақ белгі нәтижесінде метафоралық теңестіру пайда болады» [9, 194]. Ғалым осындай көрінбейтін әлемді модельдік тұрғыда бейнелеуші метафоралардың жаңадан бір болмыста жоқ мағынаның туындауына әкелетінін атап өтеді. Осы бір метафораның түрін де В.Н.Телия когнитивтік метафораға жатқызады.

Ал жалғандық модусы негізінде В.Н.Телия метафораларды келесідей жіктейді: «Идентифицирующая и когнитивная метафоры – это два базовых типа, а третьим можно считать образную метафору. На ее почве в совокупности с функцией идентификации или когнитивного отображения действительности, приводящего к формированию нового понятия, образуются оценочная и оценочно-экспрессивная метафоры» [9, 196]. (Сәйкестендіруші және когнитивтік метафоралар – бұл екі негізгі типі, ал үшінші типке образдық метафораны жатқызуға болады. Образдық метафораның ұқсастырушы және когнитивтік метафорамен қосылуы негізінде жаңа түсініктер пайда болып, бағалаушы және бағалаушы-экспрессивті метафора құралады. Ауд.автор).

Жоғарыда аталған метафораның бөлінуін В.Н.Телия типология емес, классификация деп ұсынады. Ал келесі «Метафора в языке и тексте» еңбегінде ғалым метафораның бірнеше типін бөліп көрсетеді: «индикативные, концептуальные, оценочные и эмотивные метафоры именуется «разными функциональными типами метафор» [10, 42]. (сәйкестендіруші, концептуалды, бағалаушы және эмотивті метафоралар «метафораның функционалды типтері» деп қарастырылады. Ауд.автор). Бұл жерде метафораның бөлінуі өзге принципке бағынады да, классификация емес, типология болып есептеледі. Оның үстіне, «когнитивтік» терминінің орнына «концептуалды» термині қолданылған. Ұқсастырушы метафора мен концептуалды метафора өте ұқсас болып келеді.

Сонымен, В.Н.Телия когнитивтік метафораға келесідей анықтама береді: «Когнитивтік немесе концептуалды метафора – бұл «заттық емес шынайылықты таңбалауда жаңа концепцияларды» тудыруға қабілетті тілдік метафораның бір түрі» [9, 193]. Ал когнитивтік метафораның гнесеологиялық рөлінің негізгі қолданылу аймағы – ғылыми сипаттау тілі екенін айтады [9, 195].

Ғалым когнитивтік метафора ғылыми метафора мен концептуалды метафораның синонимі деп ұйғарып, оны ғылыми феномендерін сипаттау кезінде тілдік шектеулерден шыға алатын құрал ретінде түсіндіреді: «Жаңа мағынаны тудыру просіндегі метафораның орыны мен рөлі концептуалдық мазмұнның вербалдану жағдаятын философиялық мәселелер контекстінде зерттеумен байланыстырады» [11, 170].

В.Н.Телияның осы ойына орай, «концептуалды» термині мағына жағынан «танымдық» терминіне сәйкес келеді деп айтуға болады: когнитивтік = концептуалдық = танымдық. Содан болар когнитивтік метафораны зерттеген кезде көптеген лингвисттер «когнитивтік», «концепт» және «концептуалды» терминдерін қатар қолданады.

Метафораларды салыстыра зерттеу арқылы сөздердің ауыспалы мағыналарының туындау механизмдерінің жалпы заңдылықтары мен ұлттық-мәдени ерекшеліктерін ай-

қындауға болатындығы туралы, соған орай туыстығы алшақ жатқан тілдердегі метафораларды салыстырмалы-салғастырмалы аспектіде зерттеу қажеттілігін Н.Д.Арутюнова, В.Г. Гак, О.И.Глазунова, В.Н.Телия, В.К.Харченко, тағы басқа ғалымдар атап өткен.

О.И.Глазунова метафоралық ауысулардың негізінде жатқан ассоциативті байланыстардың табиғатын қарастырып, ассоциацияның екі түрін бөліп көрсетеді: жалпы адами және ұлттық спецификалық.

Ғалым жалпы адами ассоциацияларды жалпы ойлау принциптері негізінде туындайтын, немесе бір зат және сол затпен байланысты әрекеттердің сәйкестенуі негізінде пайда болатын механизмдер (қайшы – қию, тамақ – жеу, т.б.) деп түсіндіреді [12, 69].

Ал ұлттық деңгейдегі ассоциациялар шынайы дүниені қабылдаудың субъективтік факторын қамтитындығын атап өтеді, яғни адам санасында орын алатын жеке психикалық процестердің арасындағы ұқсастық негізінде пайда болатын сәйкестендіру түрі: тышқан – тыныш (көрінбейтін), аю – икемсіз, есек – қырсық, т.б.). Расында да, ұлттық деңгейдегі ассоциациялар қоршаған ортаны қабылдаудың идио-этникалық факторын қамтиды, яғни бір таңбаның ауыспалы мағынасын дәлме-дәл қабылдау үшін берілген тілдік қоғамда ежелден қалыптасқан тұрмыстық-тәжірибелік, дәстүрлі және мәдени ерекшеліктер жайлы хабардар болу керек [12, 69].

Екі тілдегі метафораларды салыстыру. Екі тілдің идио-этникалық және ортақ ерекшеліктерін түсіну үшін, бірнеше мысалға тоқтала кетейік: Екі тілде жартылай сәйкес келетін метафоралар. Қытай тілінде де, қазақ тілінде де құрамында су, сұйықтық, дымқылдық, от семалары кездесетін лексемалардың көп бөлігі ауыспалы мағынада қолданылады, және эмоцияларды білдіреді. Мәселен, толқын, ағын, құйылу сияқты лексемалар сезімді білдіруге икем келеді.

Осындай метафораларға мысал ретінде екі тілде де бірдей мағынада қолданылатын толқын сөзін келтірейік:

Толқын			
Қытай тілінде:		Қазақ тілінде:	
(心)潮澎湃 xinchao pengpai		Толқу	
Тура мағына:	Ауыспалы мағына:	Тура мағына:	Ауыспалы мағына:
Көл мен өзен беттерінің тербелмелілігі	1) Жүрек толқуы: уайымдау, қобалжу, үрейлену, елеңдеу, толғану.	Су деңгейінің тербелмелі қозғалысы	1) Жан толқуы: уайымдау, қобалжу, үрейлену, елеңдеу, толғану; 2) Шабыттану; 3) Бір нәрсенің күшеюі.

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде толқын сөзін былайша түсіндіреді: «Толқын — ай мен күннің тартылыс күштерінен, желдің әсерінен, атмосфералық қысымның ауытқуларынан, су асты жер сілкіністері мен жанартау атқылауларынан немесе кеме қозғалыстарынан пайда болатын теңіздер мен мұхиттардағы сулы ортаның тербелмелі қозғалысы» [13].

Қытай тілі «汉语国俗词典(Қытай тілі ұлттық түсіндірме сөздігі)» сөздігіндегі толқын сөзіне берілген анықтама: «江河湖海上起伏不平的水面» [14]. (Толқын – көл мен өзен беттерінің тербелмелілігі. Ауд.автор).

Сонымен, екі тілде де *толқын* лексемасы «жоғарыдан төмен, төменнен жоғары бағытталған су қозғалысын», «тербелісті» білдіреді. Яғни, құрамында «тұрақсыздық» семасы бар.

Қытай тілінің 心潮澎湃 (xin chao pengpai) тіркесі уайымдау, қобалжу, үрейлену, елеңдеу мағынасын береді. Бұл метафораны қазақ тілінде де «толқып тұрмын», яғни толқын сөзін қолданып аударуға болады. Метафоралық ауысудың негізі – уайым кезіндегі жүректің көтеріліп, немесе толқып тұратын сезім, және оны шынайы судағы толқынмен салыстыру. Осылайша, толқу лексемасына екі тілге ортақ уайым коннотативті мағынасын ажыратуға болады. Осындай метафоралық ауысуды қолданып, қазақ тілінде де, қытай тілінде де судың толқуын сезім толқуымен ұқсатуға және жаңа мағыналар туындатуға болады.

Осы ортақ ерекшеліктермен қатар, қазақ тілінің қытай тілінен айырмашылығы бар. Қазақ тілінде толқынды шабыттану, толғану, яғни суырып салма әнші мен ақындардың шығармашылығының құрамдас бөлігі, шабыттану мен толғанис сәттерін де білдіреді. Қазақ тілінде сондай-ақ «толқын» лексемасының тағы бір қосымша мағынасы – бір нәрсенің күшеюі. Мысалы: жұмысшылар қозғалысының толқыны.

Сонымен, осы толқын лексемасы бір жағынан екі тілде ортақ мағынаға ие болса, екінші жағынан қазақ тілінде қосымша мағынаға ие. Бұл екі ұлттың идио-этикалық ортақтығы бар екенін, сонымен қатар өздеріне ғана тән ұлттық-спецификалық ерекшеліктердің бар екендігін көрсетеді.

Дәл сол сияқты от концептісін қарастырайық:

От (ыстық, жылы, жалын лексемаларымен қатар келеді)			
Қытай тілінде:		Қазақ тілінде:	
		От, жалын, алау	
Тура мағына:	Ауыспалы мағына:	Тура мағына:	Ауыспалы мағына:
Жылу мен жарық көзі	Қонаққа деген құрмет, жылы лебіз Мысалдар: 热烈欢迎 (relie huanying) – жылы қарсы алу / ыстық ықылас, жылы көңіл. Қызуы аса күшті алаулаған жалын,	Жылу мен жарық көзі	Қонаққа деген құрмет, жылы лебіз Мысалдар: Ыстық ықылас, жылы көңіл; 1) Шынайы махаббат сезімі Мысалдар: Махаббат жалыны, отты жігермен, алаулаған сезім, көзі оттай жанып тұр, тұла бойы жанып тұр.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «от – қызуы аса күшті алаулаған жалын, жылу мен жарық көзі»; ал қытай тіліндегі «汉语国俗词典(Қытай тілі ұлттық түсіндірме сөздігінде)»: «火是热和光的来源» [14]. (От – жылу мен жарық көзі. Ауд.автор) деп келеді.

